

Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігінің 2009 – 2011 жылдарға арналған стратегиялық жоспары

Алматы, 2008 ж.

Мазмұны

1. Миссия
2. Болжам
3. Ағымдағы жағдайды талдау
4. Стратегиялық бағыттар, даму мақсаттары және қызметтің мақсатты индикаторлары
5. Функционалдық мүмкіндіктері
6. Ықтимал тәуекелдер
7. Бағдарламалық және өзге нормативтік құқықтық құжаттардың тізбесі, осы құжат негізінде Стратегиялық жоспар дайындалды
8. Секторалық өзара іс-әрекет
9. Мемлекеттің стратегиялық мақсаттарына мемлекеттік органның стратегиялық бағыттарының және мақсаттарының сәйкес келуі

1. Мақсаты

Агенттік өз миссиясы (мақсаты) есебінде қаржы нарығын және қаржы ұйымдарында қаржылық тұрақтылықты қамтамасыз етуді және жалпы қаржы жүйесіне сенімділікті қолдауды, қаржы рыногында әділ бәсекелестікті көтермелеуге бағытталған қаржы ұйымдарының қызметі үшін теңдей жағдайларды жасауды, қаржылық қызмет көрсетулерді тұтынушылардың мүдделерін қорғаудың тиісінше деңгейін қамтамасыз етуді айқындайды.

2. Болжам

Агенттік болашақта барынша төмен тәуекел деңгейі бар қаржы институттарының және қаржы рыногының тұрақты және орнықты дамуын және 2011 жылы қаржы ұйымдарын капиталдандыруда Еуропалық Одақтың дамушы және дамыған елдерінің деңгейіне жетуді болжайды.

3. Ағымдағы жағдайды талдау

Қазақстанның қаржы секторы қалыптасуда және ол жүйелі сипаты бар факторлардың ықпалымен жұмыс істейді. Түрлі факторлардың жиынтық ықпалы ортаны қалыптастырады, онда қаржы секторы институттары қызметінің практикасы пайда болады және нығаяды, яғни, экономиканың нақты секторына қаржы секторының векторын және ықпал ету деңгейін және оның бәсекеге қабілеттілігін айқындайды.

Банктер. Банк секторы еліміздегі қаржы секторының ең ірі және басты сегменті болып отыр. 2008 жылғы 1 қарашадағы жағдай бойынша Қазақстанда екінші деңгейдегі 36 банк жұмыс істеуде, оның ішінде Алматы қаласында 34 банк, банктердің 35 филиалы мен 375 қосымша үй-жайлары орналасқан. 2008 жылғы 1 қарашадағы банктердің жиынтық активтері 12 073,4 млрд. теңге немесе ЖІӨ-нің 80,2 %-ы болды. Несие портфелінің көлемі 9 002,0 млрд. теңге болды, бұл банктердің жиынтық активтерінің 74,6 %-ын құрайды. Екінші деңгейдегі банктер міндеттемелерінің жалпы сомасы 2008 жылғы 1 қарашада 10 570,0 млрд. теңгені құрады, оның ішінде резидент еместер алдындағы екінші деңгейдегі банктер міндеттемелерінің сомасы 4 738,4 млрд. теңге немесе жиынтық міндеттемелердің 44,8 %-ы болды. 2008 жылғы 1 қарашадағы жағдай бойынша 1 жылға дейін өтеу мерзімімен резидент еместер алдындағы міндеттемелер (2009 жылғы 1 қарашаға дейін) 1 177,2 млрд. теңгені немесе резидент еместер алдындағы міндеттемелер көлемінің 24,8 %-ын құрады. Бұл ретте өтімді активтердің резидент еместер алдындағы қысқа мерзімді міндеттемелерге қатынасының коэффициенті 1,6 болды. 2008 жылғы 1 қаңтардағы ұқсас көрсеткіштермен салыстырғанда аталған көрсеткіш 1,5-ке жақсарып, екінші деңгейдегі банктердің әрі қарай тұрақты жұмыс істеп тұруы үшін өз ресурстарының жеткілікті екендігін дәлелдеді. Өтімділік бойынша екінші деңгейдегі банктердің позициясы олардың активтерді басқаруда барынша консервативтік саясатты ұстануына, яғни өтімділікті сақтауға ұмтылуына байланысты айтарлықтай нығайды. 2008 жылғы 1 шілдеден бастап мерзімді және валюталық мерзімді өтімділікті 7, 30 және 90 күнге дейін реттеуге бағытталған өтімділік бөлігіндегі түзетулер күшіне енді.

2008 жылғы 1 қарашадағы жағдай бойынша өтімділік есебіне енгізуге көзделген өзгерістерді ескере отырып, мерзімді өтімділіктің 7, 30 және 90 күнге дейінгі коэффициенттерін бұзу фактісі белгіленбеген. Қаралатын күнге банктердің меншікті капиталы 1 972,7 млрд. теңге болды. Ал кірістердің жиынтық мөлшері 2008 жылғы 1 қарашада 2 348,9 млрд. теңгені құрады.

Банк секторындағы активтердің жылдам өсу кезеңінде 2007 жылғы аумақты кредиттік тоқыраудың салдарынан пайда болған тәуекелдердің елеулі деңгейі жинақталып қалды және қазіргі күнге дейін байқалуда, яғни қазіргі уақытта айтарлықтай кредиттік тәуекелдер, өтімділікті жоғалту тәуекелі және бірқатар рыноктық тәуекелдер бар. Сыртқы қарыз алудың жеткілікті жоғары деңгейі сақталуда, кредиттік портфельдің сапасы нашарлауда, экономиканың жекелеген секторларында және кредиттеу сегменттерінде кредиттік портфельдің шоғырлануының жоғары болуы, капиталдандырудың жеткіліксіздігі байқалуда. 2008 жылғы маусымда ХВҚ миссиясы жүргізген стресс-тестілеудің нәтижелері бойынша банктердің капиталдың жеткіліктілік коэффициентінің қажетті деңгейіне жетуі үшін сценарийлердің негізгі және пессимистік дамуында капиталға қосымша тиісінше сценарийлер бойынша 3,7 және 8 млрд. АҚШ долларын құю қажет.

Сондай-ақ Депозиттерге кепілдік беру қазақстандық қорын (бұдан әрі-Қор) қаржыландырудың төмендігін атап өту керек, бұл осы қордың тиімділігінің аздығын көрсетеді. Қазіргі уақытта ХВҚ соңғы миссиясының нәтижелеріне сәйкес Қор салымдардың 90 пайызын

өтейді (сандық көлемде), бірақ 40 пайыз ақша көлемінде ғана. Бір уақытта осымен қатар, Қорда банктік және меншікті тәуекелдерге мониторингтің бұдан да айқын рәсімдері болуы керек. Қордың тәуекелдерін басқару жүйесі жетілдірілмеген. Депозиторлардың және банктердің моральдық тәуекелдерін және депозиторларды қорғау бойынша меншікті мақсаттарды іске асыру арасындағы балансты қамтамасыз ету үшін Қорды қаржыландырудың жаңа дереккөздері керек.

Осыған байланысты, стратегиялық перспективада Агенттіктің қызметі мониторингке әдістерді және тәсілдерді және банк секторының қаржылық тұрақтылығын арттыру мақсатында банк жүйесінің тәуекелдерін, менеджмент-тәуекелді және корпоративтік басқаруды уақтылы бағалауға және реттеуге, яғни оның ішкі, сондай-ақ сыртқы дағдарысқа қарсы тұра білу қабілеттілігін әрі қарай жетілдіруге бағытталған. Осыған байланысты, қазіргі уақытта Агенттіктің қаржы рыногында тәуекелдердің өсу барысында шұғыл іс-әрекеттердің тиісінше жоспарын әзірлеу, проблемасы бар банктермен жұмыс рәсімдері бойынша шаралар кешенін әзірлеу, жүйелік тәуекелдерді барынша азайту, банктердегі шоғырландырылған қадағалауды және тәуекелдерді басқару жүйесін жетілдіру бойынша жүргізілген жұмысты атап өту қажет.

Банктік емес сектор. 2008 жылғы 1 қарашадағы жағдай бойынша республикада банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыруға лицензиясы бар 35 ұйым, оның ішінде 12 ипотекалық ұйым тіркелді. 2008 жылғы 1 қарашада ипотекалық ұйымдардың активтерінің жиынтық мөлшері 211 167,8 млн. теңге болды. Ипотекалық ұйымдардың активтерінің жалпы сомасында айтарлықтай үлесті заңды және жеке тұлғаларға берілген заемдар құрайды – 76,4% (161 366,4 млн. теңге), басқа банктерде орналастырылған салымдар - 4,6% (9 688,2 млн. теңге) құраса, бағалы қағаздар – 5,2% (11 047,1 млн. теңге), банктердегі корреспонденттік шоттар – 2,6% (5 404,6 млн. теңге) болды.

Банк секторында соңғы жылдарда байқалған жағымсыз үрдістер банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарға, әсіресе ипотекалық ұйымдарға тән. Соның ішінде, ипотекалық кредиттер рыногының жылдам өсуімен және жылжымайтын мүлік рыногында тұрақсыздық жағдайындағы құрылыс секторын қаржыландыруға байланысты ипотекалық ұйымдардың кредиттік тәуекелдерінің артуы туралы болуда.

Агенттік тарапынан осы үрдістерді ескере отырып, банктік емес секторды реттеуді жетілдіруге бағытталған қосымша шаралар қабылданды және бірінші кезекте жылжымайтын мүлікті кредиттеу тәуекелдерінің өсуімен байланысты тәуекелдерді және басқа тәуекелдерді шектеуге бағытталды. Ипотекалық тұрғын үй заемына ұсынылған соманың кепілдің, жеңілдікпен салық төленетін елдерде орналастырылған активтердің құнына қатысты тәуекел деңгейі бойынша ипотекалық ұйымның активтерін мөлшерлеу бойынша талаптар күшейтілді.

Қаржы рыногында жеке және квазимемлекеттік құрылымдар қызметіне теңдей талаптарды қамтамасыз ету үшін Агенттік акцияларының бақылау пакеті мемлекетке немесе ұлттық холдингке не ипотекалық ұйымдарға сәйкес басқарушы компанияға тиесілі банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар үшін пруденциалдық нормативтер белгіленген. Бұл тәсіл оның ішінде аталған ұйымдарда кредиттік, рыноктық және операциялық ұйымдар ұшырауы мүмкін тәуекелдерді азайту тұрғысынан да маңызды.

Банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар қызметінің негізгі көрсеткіштерінің өсуінің оң динамикасына қарамастан, шешімді талап ететін маңызды мәселелер болып, ипотекалық ұйымдарды капиталдандыру деңгейін

арттыру, сондай-ақ олардың тәуекел-менеджмент жүйесін жетілдіру болып табылады. Орта мерзімді перспективада Агенттікті көрсетілген мәселелерді шешу бойынша шаралар кешенін іске асыру жоспарлайды.

Сақтандыру секторы. 2008 жылғы 1 қарашадағы жағдай бойынша Қазақстан Республикасының сақтандыру нарығында 44 сақтандыру ұйымы (оның ішінде 8 - өмірді сақтандыру бойынша), 12 сақтандыру брокері және 55 актуарий лицензия берілген қызметті жүзеге асырды. 10 айда тура сақтандыру шарттары бойынша сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары қабылдаған сақтандыру сыйлықақыларының жиынтық көлемі 116 358,2 млн. теңге болды, бұл өткен жылдың осыған ұқсас кезеңінде жиналған көлемнен 2,3% көп болды. Қайта сақтандыруға берілген сақтандыру сыйлықақыларының көлемі 52 949,6 млн. теңге болды немесе сақтандыру сыйлықақыларының жиынтық көлемінің 39,5%-ы болды. Бұл ретте, резидент еместерді қайта сақтандыруға сақтандыру сыйлықақыларының жиынтық көлемінің 39,5%-ы берілді. 2008 жылғы тоғыз айда жасалған сақтандыру төлемдерінің жалпы көлемі 51 229,6 млн. теңге болды, өткен жылдың осыған ұқсас кезеңімен салыстырғанда 42,0% көбейді. 2008 жылғы 1 қарашада сақтандыру ұйымдары активтерінің жиынтық көлемі 270 914,6 млн. теңге болды, бұл 2007 жылғы 1 қарашадағы ұқсас көрсеткіштен 28,9%-ға көп болды.

Соңғы жылдарда сақтандыру нарығының негізгі көрсеткіштерінің динамикасы жақсы дамуда. Сақтандыру секторын мемлекеттік реттеу жүйесіне реформа жасау негізінен халықаралық сақтандыру нарығының, қашықтықтан қадағалау жүйесінің және сақтандыру рыногының кәсіби қатысушыларының қызметін талдаудың қазіргі тенденцияларын ескере отырып, ұлттық сақтандыру заңнамасын жетілдіруге бағытталды.

Соңғы жаңадан енгізілген жаңалықтардың бірі көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру бойынша деректер базасын құру болып табылады. Көрсетілген деректер базасын құру тарифтерді (апат тарихы, машина жүргізу стажы) реттеу үшін статистиканы жинақтау, көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыруды жүзеге асыратын сақтандырушылардан және сақтандыру есептерін алу және (немесе) ақпаратты ұсыну туралы шарттардың негізінде өзге тұлғалардан ақпаратты жинау арқылы көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру саласында алаяқтық фактілерін болдырмау және алдын алу қажеттілігімен негізделеді.

Көрсетілген шара сақтандырудың осы сыныбы бойынша тәуекелдерді төмендетуге ықпал етеді және оны әрі қарай дамытуға көмектеседі.

Елде өмірді сақтандыру рыногының және жинақтаушы мен ұзақ мерзімді сақтандырудың өзге түрлерінің дамуы жеткіліксіз. Қазіргі уақытта сақтандыру ұйымдары қызметінің шынайылығы деңгейін арттыру проблемасы (шоғырландырылған қадағалауды жүзеге асыру), тәуекелдерді басқару жүйесін, әсіресе, банктік топқа кіретін сақтандыру ұйымдарының тәуекелдері бөлігін жетілдіру, сақтандыру ұйымдарының инвестициялық мүмкіндіктерін кеңейту өзекті болып табылады. Олар жинаған сақтандыру сыйлықақыларының айтарлықтай бөлігі сақтандыру арналары бойынша шетелге беріледі. Бұдан өзге, сақтандыру секторында отандық сақтандыру қызмет көрсету нарығының аясын ұлғайту бойынша шаралар, шаруашылықты жүргізетін субъектілердің және халықтың сақтандыру мәдениетін және міндетті сақтандыру жүйесінің тиімділігін арттыру өзекті болып табылады.

Осындай тәсілмен, ұзақ мерзімді перспективада Агенттіктің қызметі сақтандыру ұйымдары қызметінің айқындылығы деңгейін, міндетті сақтандыру жүйесінің тиімділігін арттыруға, сақтандыру рыногы инфрақұрылымының әрі қарай дамуына, сақтандыру

ұйымдарының менеджмент-тәуекелі жүйесін және халықаралық стандарттар базасындағы сақтандыру ұйымдарының пуденциалдық реттеуді жетілдіруге шоғырланатын болады.

Бағалы қағаздар нарығы. 2008 жылғы¹ 3 тоқсанда Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар рыногының институционалдық инфрақұрылымның жай-күйі өзгерген жоқ (106 брокер – дилер, 15 тіркеуші, 11 кастодиан, 13 ЖЗҚ зейнетақы активтерін инвестициялық басқарушы, 68 инвестициялық портфельді басқарушы, 4 трансфер - агент, 2 ӨӨРҰ). 2008 жылғы 1 қазанда бағалы қағаздар рыногы кәсіби қатысушыларының жиынтық активтері 440 670 млн. теңге, міндеттемелер - 292 062 млн. теңге болды.

2008 жылғы шілде-қыркүйек кезеңінде 28 акция шығарылымы тіркелді, акция шығарылымы және орналастыру нәтижелері бойынша 128 есеп бекітілді, сондай-ақ 10 акция шығарылымының күші жойылды. Агенттік 2008 жылғы үшінші тоқсанда жалпы көлемі 149 540 млн. теңге 25 мемлекеттік емес облигация шығарылымы тіркелді.

2008 жылғы 1 қазандағы жағдай бойынша қолданыстағы облигация шығарылымдарының саны жиынтық номиналды құны 1 901 656 млн. теңге 335 облигация болды, оның ішінде KASE ресми тізіміне рейтингтік бағасы бар 19 шығарылым енгізілді, 163 шығарылым – рейтингтік бағасы жоқ бірінші шағын санат және 62 шығарылым - рейтингтік бағасы жоқ екінші шағын санат. Сонымен қатар, үшінші тоқсанда шығарылым көлемі 124 млрд. теңге 3 облигациялық бағдарлама тіркелді.

2008 жылғы 1 қазандағы жағдай бойынша қолданыстағы пайлардың санының өсу тенденциясы байқалды, 219-ға жетті.

KASE айналысқа жіберілген бағалы қағаздардың негізгі үлес салмағы борыштық бағалы қағаздар құрады – 71,77% (244 шығарылым). Инвестициялық қорлардың акциялары және бағалы қағаздар секторлары бойынша тиісінше - 27,94% (95 шығарылым) және 0,29% (1 шығарылым) болды. KASE жалпы капиталдандыру 7 044 940 млн. теңге немесе ЖІӨ-нің 46,82% құрады. 2008 жылғы 1 шілдедегі жағдай бойынша осыған ұқсас көрсеткіш 85,99% болды. Осылайша, абсолюттік көрсеткіште қор нарығын капиталдандырудың азаюы, сондай-ақ қор нарығының ЖІӨ-ге капиталдандыру көрсеткішінің кемуі байқалды.

Бағалы қағаздар нарығының даму мәселесі басым бағыттардың бірі болып табылады, оны шешуге мемлекеттік органдардың бірқатарының күш-қуаты бағытталған.

Қазақстандық корпорациялардың нарықтық құнын арттыруға ықпал ететін корпоративтік басқаруды дамыту және қазақстандық нарықтың аясын кеңейту бойынша іс-шаралар жүзеге асырылуда. Қазақстанда активтерді секьюритилендіру механизмдерін енгізу бойынша шаралар қабылданды, мемлекеттік-жеке серіктестік принциптері енгізіледі, бұл өз кезегінде эмитенттердің санын арттыруға және экономиканың нақты секторына қажетті капиталдың құйылуын қамтамасыз етуі тиіс.

Қор нарығы дамуының міндеттерін шешу үшін Алматы қаласының өңірлік қаржы орталығы (АӨҚО) құрылды.

Өткен жылдан бастап, Қазақстан халқының 2007-2009 жылдарға арналған инвестициялық мәдениетін және қаржылық сауаттылығын арттыру бағдарламасы жұмыс істейді, оның мақсаты инвестициялық белсенділікті арттыру және еліміздің экономикалық өсуінде халықтың жинаған қаржысын тартуды қамтамасыз ету болып табылады.

Бағалы қағаздар нарығының дамуындағы оң сәт болып, Қазақстан Республикасы Үкіметінің қор нарығына ұлттық компаниялардың бағалы қағаздарын шығару туралы шешімі болып табылды.

¹ Тоқсан нәтижелері бойынша – бағалы қағаздар рыногының секторы бойынша деректер.

2008 жылғы 1 маусымнан бастап, АӨҚО АСА үшін жаңа листингтік талаптар күшіне енді. KASE үшін мазмұны осыған ұқсас листингтік талаптар 2008 жылғы 1 қыркүйектен бастап күшіне енді, бұл АӨҚО АСА және KASE сауда алаңын біріктіру процесін нақты аяқтауға мүмкіндік береді. Бұл ретте, Қазақстанның қор нарығының дамуындағы оң тенденциялардың бар екендігін атап өту қажет. Акциялар нарығы 2007 жылғы тамызда капиталдың халықаралық нарықтарындағы оқиғалар басталғанға дейін жандана бастады. Қазіргі кезде оң өзгерістер KASE институтционалдық дамуында, мемлекет тарапынан нарықты нормативтік-құқықтық реттеуде байқалуда.

Қор нарығы дамуын жалғастырды, бұл ретте қазақстандық бағалы қағаздар нарығының кемшіліктері мыналар болып табылды:

тиісінше бэнчмарк белгілеу үшін және МБҚ нарығындағы реалистік қисық кірістілікті қалыптастыру үшін қажет мемлекеттік бағалы қағаздардың жеткілікті көлемінің болмауы, қор нарығындағы эмитенттерді әртараптандырудың жоқтығы, мемлекеттік емес компаниялардың борыштық нарығының жеткілікті дамымауы, қор нарығында жеке тұлғалардың қатысу үлесінің төмендігі; нарықта құралдардың жеткіліксіз саны, сондай-ақ «free-float» елеусіз деңгейі (ұсақ инвесторлардың меншігіндегі акциялар үлесі); KASE саудасаттықтарында клирингтің жоқтығы; өздері туралы ақпаратты толық бергісі келмеуіне байланысты эмитенттер қызметінің айқындылығының төмендігі; қор нарығының өтімділігінің жеткіліксіздігі. Осыған байланысты, бағалы қағаздар нарығын мемлекеттік реттеудің басымдық бағыттары болып нарық өтімділігін арттыру, нарыққа қосымша инвесторлар мен эмитенттерді тарту, инвесторлар мен бағалы қағаздарды ұстаушылар құқықтарын қорғау принциптерін жетілдіру, сондай-ақ бағалы қағаздар нарығының қатысушыларының әділ бәсекелестігі, қазақстандық бағалы қағаздар нарығының халықаралық қаржы жүйесіне бұдан әрі қарай интеграциялануы болып табылады. Бұдан өзге, Агенттіктің күш-қуаты бағалы қағаздар нарығында салық жеңілдіктерін сақтауға бағытталатын болады.

Зейнетақы қызмет көрсетулерінің секторы. 2008 жылғы 1 қарашадағы жағдай бойынша республикада 14 жинақтаушы зейнетақы қоры (бұдан әрі - ЖЗҚ) жұмыс істейді, оның ішінде 9 қорда зейнетақы активтерін дербес басқаруға лицензиясы бар.

2008 жылғы 1 қарашада салымшылардың (алушылардың) жинақталған зейнетақы қаражаты 1 343,7 млрд. теңгені құрады немесе ағымдағы жылдың 1 қаңтарынан бастап салыстырғанда 135,6 млрд. теңгеге немесе 11,22%-ға өсті. Ағымдағы жылғы қазан айында жинақталған зейнетақы қаражатының төмендеуі 38,3 млрд.теңгені немесе 2,77%-ды құрады. Салымшылардың және алушылардың шотына есептелген зейнетақы активтерін инвестициялаудан түскен «таза» инвестициялық кірістің сомасы (комиссиялық сыйақыны шегергенде) ағымдағы жылдың қазан айында 61,2 млрд. теңге (18,11%) кеміп, 2008 жылғы 1 қарашадағы жағдай бойынша 276,8 млрд. теңге болды. Салымшылардың (алушылардың) жинақталған зейнетақы қаражатының жалпы сомасында «таза» инвестициялық кірістің үлесі 2008 жылғы 1 қарашада 20,60% немесе қазан айында үлес 3,86 проценттік тармаққа кеміді.

2008 жылғы 1 қарашадағы жағдай бойынша ЗАИБЖАҰ инвестициялық басқаруындағы зейнетақы активтерінің жиынтық көлемі ағымдағы жылғы қазан айында 46,6 млрд. теңгеге немесе 3,4%-ға кеміп, 1 331,2 млрд. теңге болды. 2007 жылғы 1 қарашадан бастап 2008 жылғы 1 қараша айындағы кезеңде зейнетақы активтерінің орташа айлық өсуі 16,6 млрд. теңге болды. 2008 жылғы 1 қарашадағы жағдай бойынша жинақтаушы зейнетақы қорларының зейнетақы активтері бойынша номиналды кірістің орташа мөлшерленген коэффициенттері құрады:

- 2003 жылғы қазан – 2008 жылғы қазан айындағы кезеңде - 37,60%. Түзетілген орташа алынған номиналды кіріс коэффициенті – 32,32% (осыған ұқсас кезеңге жинақталған инфляция деңгейі – 64,82%);

- 2005 жылғы қазан – 2008 жылғы қазан кезеңіне – 24,49% (осыған ұқсас кезеңге жинақталған инфляция деңгейі – 42,10%);
- 2007 жылғы қазан – 2008 жылғы қазан кезеңіне - 1,01% (осыған ұқсас кезеңге жинақталған инфляция деңгейі – 13,90%).

Ағымдағы жылдың 1 қазанында алдындағы аймен салыстырғанда жинақтаушы зейнетақы қорларының номиналды кірісі коэффициентінің өзгеруі мыналарды құрады:

- номиналды кіріс коэффициенті бойынша 60 айда 4,59 пайыздық тармаққа;
- номиналды кіріс коэффициенті бойынша 36 айда 3,92 пайыздық тармаққа;
- номиналды кіріс коэффициенті бойынша 12 айда 4,0 пайыздық тармаққа.

2008 жылғы 1 қарашадағы жағдай бойынша ЖЗҚ жиынтық инвестициялық портфелі ҚР мемлекеттік бағалы қағаздарға инвестицияларды құрады – 28,32%, шетел эмитенттерінің мемлекеттік емес бағалы қағаздар – 10,92%, шетел эмитенттерінің мемлекеттік бағалы қағаздары – 1,60%, тазартылған алтын – 2,25%, ҚР эмитенттерінің мемлекеттік емес бағалы қағаздары – 44,52%, екінші деңгейдегі банктердегі салымдар – 11,82%, туынды бағалы қағаздар – 0,57%. Сондықтан, 2008 жылғы 1 қарашада ЖЗҚ инвестициялық портфелінде ең үлкен үлесті ҚР эмитенттерінің мемлекеттік емес бағалы қағаздары және ҚР мемлекеттік бағалы қағаздары құрады.

Агенттіктің қаржы құралдарына зейнетақы активтерін орналастыру барысында зейнетақы активтерінің сақталуын және тәуекелдердің төмендету мақсатында Қазақстан Республикасы ұйымдарының мемлекеттік емес эмиссиялық бағалы қағаздарына қатысты зейнетақы активтері есебінен инвестициялардың объектілерін таңдау критерийлері есебінде эмитентте не сол бағалы қағазда белгіленген деңгейден рейтингтің төмен болмауы және осы бағалы қағаздардың Қазақстанның және шет мемлекеттердің ұйымдастырылған нарықтарында айналыста болу талабы белгіленді. Бұдан өзге, қолданыстағы заңнама белгіленген шекте зейнетақы активтерін рейтингтік бағасы жоқ ұйымдардың бағалы қағаздарына, оның ішінде инфрақұрылымдық облигацияларға инвестициялауды жоққа шығармайды.

ЖЗҚ қазіргі кезеңінде қандай қаржы құралдарына зейнетақы активтерін инвестициялау қажеттігін дербес айқындайды: рейтинг берілген бағалы қағаздарды, листингті немесе қаржы құралдарының басқа көрсеткіштерін нысанаға алады, зейнетақы активтерін инвестициялаудың және жинақталған зейнетақы қаражатын салымшылардың (алушылардың) мүдделерін қорғау мақсатын басшылыққа алады.

Елдің зейнетақы жүйесінің даму динамикасын ескере отырып, зейнетақы қорлары бағалы қағаздардың ішкі нарығындағы ең ірі институционалдық инвесторлардың бірі болып табылады.

Дегенмен, халықаралық қаржы рыноктарындағы дағдарыс жағдайы зейнетақы активтерін басқарудың тиімділігіне ықпал етеді. Ішкі қаржы құралдарына жинақталған зейнетақы қаражатының салымы елеусіз, корпоративтік қазақстандық қағаздардың құнсыздануы зейнетақы салымдарының кірістілігіне өз ықпалын тигізді. Бұдан өзге, соңғы уақытта Қазақстан Республикасының қор рыногында бағалы қағаздар кірістілігінің төмендеуі бойынша тұрақты үрдіс байқалды, оған тартымды дефицит аясында зейнетақы активтері, сондай-ақ сенімді және өтімді бағалы қағаздар инвестициялануы мүмкін.

Осыған байланысты, жинақтаушы зейнетақы қорларының зейнетақы активтерін инвестициялау және жинақтаушы зейнетақы қорын капиталдандыру міндеті өзекті болып қала беруде. Орта мерзімді перспективада жинақтаушы зейнетақы жүйесін мемлекеттік реттеудің басым бағыттары мыналар болып табылады: активтерді әртараптандырумен ерекшеленетін түрлі зейнетақы жоспарларын

енгізу; жинақтаушы зейнетақы қорының және басқарушы компанияның қызметі туралы салымшыларды ақпараттандыруды арттыру; жинақтаушы зейнетақы қорларындағы және зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымдардағы тәуекелдерді басқару жүйесін жетілдіру; зейнетақы активтері есебінен сатып алуға рұқсат берілген қаржы құралдарының тізбесін кеңейту.

Қазіргі уақытта (2008 жыл) Дүниежүзілік экономикалық форумның әдістемесіне сәйкес 89-шы орында тұратын (бұрын 2006-2007 жылдарда – 60 орын) Қазақстанның Жаһандық бәсекеге қабілеттілік индексі есептеуге пайдаланылатын «Қаржы секторын дамытуға арналған жағдайлар» атты Субиндекс 8. Дүниежүзілік экономикалық форумның сарапшылары осы көрсетілген субиндекс бойынша позицияны нашарлатуға ықпал еткен жағымсыз факторлардың арасында бағалы қағаздар нарығын реттеудің әлсіз деңгейі, капитал ағынының шектелуі, капиталдың жергілікті нарықтары және басқалар арқылы қаржыландырудың тартудың дамымай қалуы.

4. Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі қызметінің стратегиялық бағыттары, даму мақсаттары және мақсатты индикаторлар

№ р.р.	Атауы	Өлшем бірлігі/аяқталу нысаны	Жоспарлы кезең		
			2009	2010	2011
1-стратегиялық бағыт Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау тиімділігін институционалдық нығайту және дамыту арқылы жетекші әлемдік стандарттарға дейін арттыру					
1-мақсат Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігінің институционалдық дамуы арқылы реттеу мен қадағалау жүйесін нығайту					
1.1-міндет Агенттік қызметінің айқындылығын (шынайлығын), макро және микро индикаторлардың шынайылығын, реттеу мен қадағалау саясаты туралы мәлімет беруді арттыру					
1.1.1	Агенттік жұмысының нәтижелері мен жоспарлары туралы ақпаратқа қаржылық қызмет көрсетуді тұтынушылардың қол жетімділігі деңгейін арттыру, оның ішінде ақпараттың электрондық құралдарын пайдалану арқылы (Агенттіктің веб – сайты және электрондық Үкімет).	Жылына кіру саны, мың	600	700	1 100
1.2- міндет Кадрлық потенциалды дамыту және еңбектің соңғы нәтижелеріне бағытталған мотивациялау жүйесін жетілдіру					
1.2.1	Қызметкерлердің біліктілігін арттыру	Бір жылда	9	7,5	7,5

	және оны мотивациялау және қайта дайындау арқылы қадағалау органының кадрлық құрамының кәсіби деңгейін арттыру.	қызметкерлерді МҚІА оқыту % Қазақстан Республикасының аумағында және шетелде біліктілігін арттыру курсы өткен қызметкерлер саны, адам.	264	211	191
1.3-міндет Техникалық комитеттің жұмысын күшейту					
1.3.1	Агенттіктің Техникалық Комитетінің құрамына енгізу үшін шетелдік кеңесшілерді, оның ішінде беделді халықаралық қаржы ұйымдарының (ХВҚ, ЕҚҚДБ, ДБ және басқалар) қатарынан шақыру бойынша іс-шараларды іске асыру.	Бір жылдағы шетелдік сарапшылардың саны	1	1	1
1.4-міндет Агенттіктің басқа мемлекеттік органдармен және халықаралық қаржы ұйымдарымен, рейтингтік агенттіктермен өзара іс-әрекет механизмінің тиімділігін арттыру					
1.4.1	Ақпаратты ұсыну жылдамдығын және толықтығын арттыру. Рейтингтік агенттіктермен жұмыс жоспарының аясындағы іс-шараларды іске асыру.	Кездесулер саны	4	5	5
1.5-міндет Агенттіктің имиджін және халықтың қаржылық сауаттылығын арттыру бойынша шараларды іске асыру					
1.5.1	Агенттіктің қызметі туралы оң қоғамдық пікірді қалыптастыру және қолдау, Агенттік қызметкерлерінің беделін және абыройын арттыру, қаржылық қызмет көрсетуді тұтынушылардың қаржылық сауаттылығын арттыру.	Дөңгелек үстелдер, семинарлар, мәжілістер, баспасөз конференциялар, БАҚ жарияланымдар	40	45	50

1.6-міндет Агенттіктің сапа менеджменті жүйесін жетілдіру					
1.6.1	Қолданыстағы сапа менеджменті жүйесін жетілдіру және Агенттіктің алған сапа менеджменті жүйесіне сәйкестігі сертификатын растау бойынша жұмыстар жүргізу.	Жылына бір рет сертификатты растау,	1	1	1
2 - стратегиялық бағыт. Банк секторының қаржылық тұрақтылығын және бәсекеге қабілеттілігін арттыру, реттеу және қадағалау жүйесін қадағалаудың жалпы әлемдік стандарттарына жақындату					
2.1-мақсат Дағдарыс жағдайларының алдын алуға ықпал ететін тәуекелдерді бағалауға негізделген, банктердің қаржылық тұрақтылығы мониторингіне негізделген қадағалау процесін жетілдіру.					
2.1.1-міндет Банктердің баланстарын қайта қалпына келтіру және олардың сенімділігі деңгейін арттыру					
2.1.1.1	Банктердің кредиттік портфелінің сапасын жақсарту бойынша қосымша шараларды қабылдау арқылы, банктердің баланстары құрылымын жақсарту туралы мәселені мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп қарау	ҚР ҚМ және мүдделі мемлекеттік органдарға ұсыныстар	1	–	–
2.1.1.2	Стресс-тестілеу рәсімдерінің ролін жетілдіру және арттыру бойынша екінші деңгейдегі банктермен жұмысты күшейту.	Стресс-тестілер	7	8	8
